

Әлеуметтік желіні қолданасың ба?

Маған әлеуметтік желіде отырған ұнайды. Себебі мен ән айтып, би билегенді жақсы көремін. Өзім айтқан әндерімді видеоға түсіріп, Tik Tok пен Instagram-ға жүктеймін. Менің оқырмандарым маған пікір білдіріп, лайк басады. Менің сегіз мың оқырманым бар. Олар өте белсенді. Біз олармен бірге әртүрлі челлендждер ұйымдастырамыз. Мысалы, күніңді жақсы өткізу үшін таңғы сағат 5-те тұрып жүгіру, немесе өзім жақсы көретіндей ән айту челленджін жасаймыз. Оқырмандар көп болғандықтан жаман да, жақсы да пікір жазатындар бар. Әрине, олардың пікірі мен үшін өте маңызды. Сонымен қатар әлеуметтік желі тек көңіл көтеретін орын ғана емес, ақша тауып, өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысуға үлкен мүмкіндік. Егер сен ән айтуға қызығып, әрі өзіңді дамытқың келсе, маған тіркеліп, менің досым бол!

Тапсырма:

Дұрыс/бұрысын анықта

	Дұрыс	Бұрыс
Маған әлеуметтік желіде отырған ұнамайды		
Менің алтымың оқырманым бар.		
Оқырмандар көп болғандықтан жаман пікір жазатындар көп		
Мен Tik Tok пен Instagram-да отырамын		
Мен ән айтып, би билегенді жақсы көремін		

Бос орынды толтыр

- Менің оқырмандарым маған п..... білдіріп, л..... басады.
- Себебі мен ә..... айтып, б..... билегенді жақсы көремін
- Сонымен қатар ә..... желі тек көңіл көтеретін орын ғана емес, ақша тауып, өзіңнің сүйікті і..... айналысуға үлкен мүмкіндік.